

Ауданың ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген деңсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2017 жылды әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 2017 жылғы 3 мамырдағы № 92 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 мамырда № 7049 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 18-бабының 8-тармағына сәйкес Сарықөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауданың ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген деңсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2017 жылды көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсетілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезекті  
сессияның төрағасы

C. Дұтпаев

Аудандық  
мәслихат хатшысы

K. Базарбаева

КЕЛІСІЛДІ

"Сарықөл ауданы әкімдігінің  
экономика және бюджеттік  
жоспарлау бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ A. Вилямов